

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін
Балабақша меңгерушісі
Р. Қаламбаева

Төрлет, төрлет жаңа жыл

«Балауса» кіші тобы

Тәрбиешілері: Бекенова.Ғ
Махаанбетова.М

Төрле, төрле Жаңа жыл!

Жүргізуші: Кел, жаңа жыл, жаңа бақыт ырысым
Жаксылықтың жаршысы да нұрысын
Адамдардың асқақтаған арманы
Ақындардың таусылмайтын жырысын

деп ақын ағаларымыз жырлағандай «Жаңа жыл» мерекесі құтты болсын ағайын.

Ал, енді Құрметті ата-аналар! Құрметті педагогтар «Құлыншак» тобының балаларын қошеметпен қарсы алайық

(Орындарыңа жайғасыңдар балалар).

Құрметті қонақтар! «Құлыншак» тобының бүлдіршіндерінің өздеріңізге арнайы дайындаған «Төрле, төрле Жаңа жыл!» атты ертеңгілін ашық деп жариялаймын.

Балалалар, сендер бүгінгі мерекеге қандай өнерлеріңді дайындап алып келдіңдер?

Балалар: Би, ән, такпақ.

Жүрг: Жарайсыңдар. Егер осы өнерлеріңді жақсылап көрсетсеңдер сендерге балалар Аяз ата сыйлық береді

Балалар: Аяз ата келе ме?

Бізге сыйлық бере ме?

Жүргізуші: Әрине, атамыз келеді

Бізге көп сыйлық береді.

Осы кезде музыка әуенімен билей басып түлкі келеді.

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін

Тұнып тұрған күлкімін
Бұлған, бұлған құйрығым
Текке өтпейді бір күнім
Аяз ата мұнда келмейді,
Сендерге сыйлық бермейді.

Балалар мен жүргізуші: Қалайша?

Түлкі: Аяз аталарың адасып кетіпті,
Сендерді таба алмай
Үйіне қайтып жетіпті.

Тәрбиеші: Бұл қалай болды екен? Енді біздің думанымыз Аяз атасыз қалай өтпек?

Түлкі: Жарайды, олай болса мен кетейін, жай Аяз ата келмейтінін айта салайын дегенім ғой. *(деп билей басып залдан шығып кетеді)*

Тәрбиеші: Балалар, уайымдамаңдар. Аяз атамыз келеді, бізге сыйлық береді. Бұл түлкінің кезекті бір қулығы болар. Мұның артында бір шикілік бар сияқты, Алихан, Алинұр екеуің түлкінің ізіне түсіңдер, не бүлдіргенін барып біліңдер.

Екеуі: Жарайды, біз кеттік. *(түлкінің соңына түседі)*

Жүргізуші: Балалар Алихан мен Алинұр келгенше құрметті қонақтарымызға ән орындап берейік.

1. Ән «Зырлайды шанамыз» қабыл алыңыздар.

Ән аяқталғандасықырлаған қардың дыбысы естіледі.

Жүргізуші тың-тыңдап: Балалар, тыңдаңдаршы Бүгінгі Жаңа жыл кешіне сәйгүліктерін желдіріп, алтындатқан шанасымен Аяз атамыз келе жатқанға ұқсайды. Қардыңсықырын естідіңдер ме?



Балалар: Иә, естіп тұрмыз.

Тәрбиеші: Қуаныңдар, ағайын, тамсаныңдар.

Сүйінішпен маңайға жар салыңдар.
Аяз ата келеді Ақшақармен,
Қол соғып қошеметпен қарсы алыңдар!
Енді қарап тұрмайық
Бәріміз бірге дауыстап
Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық!

Балалар: Аяз ата, Ақшақар!

Әуен ойналады. Залға Аяз ата мен Ақшақар кіреді. Балалар қошеметпен қарсы алады.

Аяз ата: Аяулы аналарға, ардақты ұл-қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!
Қандай жарқын жүздерің
Қандай әсем жырларың
Асаулармен алысқан,
Асау желмен жарысқан
Аталарың сендерге
Шаршап келді алыстан

Қандай әсем жүздерің
Қандай мөлдір көздерің
Керемет бір ән тыңдап,
Келіп тұр-ау демалғым.

Аяз ата: Ой, айналайындарым-ай, сендерге келуім келдім, бірақ қапшықтылы сыйлығым ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Осында келе жатып, жоғалтып алдым. Енді не істесем екен?

Жүрг: Аяз ата сіз уайымдамаңыз. Біздің балаларымыз қазір қу түлкінің соңынан қуып кетті. Өздері де келіп қалар.

Осы кезде түлкінің соңынан кеткен екі бала түлкіні алдына салып, қапшық толы сыйлықты алып келеді.

Әлижан: Аяз ата, балаларға арнап алып келген сіздің сыйлық толы қапшығыңызды біз таптық. Оны мына қу түлкі алыпты.

Аяз ата: Ә, енді есіме түсті, қу түлкі. Жолда бағана өлген боп жатып қапшығымды қымқырған екенсің ғой. Түлкінің мұнысы дұрыс па, балалар?

Балалар: Жоқ, дұрыс емес.

Түлкі: Қулық-сұмдықты жоямын
Өнерге ден қоямын
Аязатаммені кешірсен
Сыйлығына тоямын.

Аяз ата: Балалар түлкіні кешіреміз бе?

Балалар: Кешіреміз.

Жүргізуші: Көрдіңіз бе Аяз ата біздің «Құлыншақ» тобының балалары өте ақкөңіл және кешірімді, сондай-ақ өнерден де кенде емес. Балалар Аяз атамыз алыс сапардан шаршап келіпті. Өздерінің дайындаған тақпақтарыңды айтып бере қойыңдар.

Ортаға өздерінің тақпақтарымен **балаларды шақырамын.**

1 Шыршамызды әсемдеп,
Ән шырқаймыз билейміз.
Өзімізде күлімдеп



Жабыркауды білмейміз.
 2 Қырларды жапты күміс қар
 Далада жаңа тыныс бар
 Бұталар жалт - жұлт етеді
 Кәдімгі бейне хрусталь
 3. Әкем таңдап әкелді
 Ең үлгілдек шыршаны,
 Нісі аңқыған шыршаны,
 Жарқыраған шыршаны...
 Жұпар нісі аңқыды,
 Апамды да мәз қылды!

4. Оралдың өлкеме,
 Жаңа жыл армысын.
 Оранды ақ көрпеге,
 Асқар тау, қарлы шын.

5. Жүзімізге күлкі ойнап
 Қанаттанды жанымыз.
 Жаңа жылды біз тойлап
 Шаттанамыз бәріміз.

6. Жапалақтап ақша қар
 Жауды күнде қайталап
 Қырға шықты балалар
 Шаңғыларын арқалап.

7. Тамаша тамаша!
 Шыршамыз тұр жараса.
 Басында әсем жұлдызы
 Көз тоймайды қараса.

8. Жайна шырша жарқылдап
 Бейнесіндеі сәбидің
 Түрлене түс жасыл бақ
 Қыс пен жазға бірдейсің.

9 Жасыл желек жамылған,
 Асыл моншақ тағылған,
 Міне, сұлу шыршамыз.
 Көптен күтіт, сағынған,
 Кел, балалар, келіндер,
 Тамашаны көріңдер.

10. Тілеймін мен бар адамға
 Жаңа бақыт, жаңа жыр
 Ата - әже, ата - әже
 Құтты болсын Жаңа жыл

11. Қуантып елді
 Жаңа жыл келді
 Өсетін болдым
 Бір жасқа енді

12. Мұздан моншақ тағынып
 Күміс алқа малынып
 Ортада тұр Ақшақар
 Көптен күткен сағынып

13.Без дедушки мороза
 Снежинки не летят
 Без дедушки мороза
 Узоры не блестят.

14 Ал сүйіп бастаған
 Жердің аппақ тұлғасы
 Қыстың айы қаңтарда
 Басталады жыл басы

15 да, баулар да
Ақ күміс жамылды.
Дала да, таулар да
Өзіндісағынды.

Аппак тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келдіалыссапардан,
Аязатаоралып.

Рахмет балалар, орындарыңа отырыңдар.

Түлкі: Аяз ата менің балалармен қосылып би билегім келіп тұр.
Жүргізуші: Менің әсем ұлпаларым,
Маған ұшып келеді
Таң қалдырып өнеріне
Бәрі билеп береді.
«Ұлпақарлар» биін қабыл алыңыздар.

Қыздар билеп жүрген кезде түлкі жүгіріп барып қолғаптарды қырқып қояды.

Жүргізуші: Рахмет, қыздар орындарыңа жайғасыңдар.

Би біткенде түлкі: аяз ата қалай балалармен билеген биім ұнады ма?

Аяз ата: Бәрекелді, жарайсыңдар. Билерің керемет екен.

Түлкі: «Ондай болса Аяз ата мен ормандағы достарымды да осы жаққа шақырып келейін» - деп залдан шығып кетеді.

Ақшақар: Балалар, сендер аяз атаның қолғабының сиқырлы екенін білесіңдер ма? Сиқырлығы сонша барлығымызды орыс тілінде сөйлете алады.

Жүрг: Рас айтасың ба ақшақар, қане байқап көрейік.

Ақшақар: Қасына барып. Ой Балалар біздің сиқырлы қолғабымызды қу түлкі тағы да қырқып кетіпті. Қараңдар! Енді не істейміз, қалай орнына келтіреміз

Жүрг: Ақшақар сен ренжіме біздің балалар саған көмектеседі. Қайтып орнына келтіреміз бе балалар?

Балалар: Ия
Ақшақар: Онда маған 4 бала керек.
Мына желімдердің көмегімен жапсырамыз.

Жүрг: Жарайсыңдар балалар. Қане енді тексеріп көрейікші, сиқырлығын деп қолғапты қолына киіп көреді.

ән «В лесу родилась ёлочка»

Жүрг: Қолындағы қолғабын шешіп, шынымен де сиқырлы екен. Балаларымызға өз ана тілінде ғана емес өзге тілде де ән шырқауға көмектестіңіз. Рахмет сізге.

Ал, Құрметті қонақтар, біздің ұлдарымыз да өз билерін көрсеткісі келіп тағатсызданып отыр. Алдарыңызда «Санта клаус» биі қабыл алыңыздар.

Ән «Сәлемет пе Аяз ата»

Ал, балалар, тұрмайық

Аяз атаға арнаған

Тақпақтарымызды айтайық.

Ортаға өздерінің тақпақтарымен балалар шығады

1. Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан
Аяз ата оранып.
Қалып едік сағынып
Күтіп алдық жабылып.

2. Аппақ қыстың бояуы
Аппақ қыстың бораны
Ақ көрпеге орайды
Ақ қар байтақ даланы

3 Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам оң болсын
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

4 Аяз –ата ақ сақалды,
Ақ таяқты паң ата,
Асып өтіп асқар тауды
Жеттің бізге таң ата

5. Аяз келді қаһарлы
Айналаны қар жапты.
Ақ тон киіп орман тұр
Дәл атамдай салмақты.

6 Жаңа жыл, жаңа жыл.
Жаңа жылда-жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр.


7. Кто в нарядной теплой шубе
С длинной белой бородой
В новый год приходит в гости
И румяный и седой

8. Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай әсем шыршамыз.
Ән шырқайық баршамыз

9. Жылдың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

10. Көрдің бе Аяз Атаны?
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да,
Аппақ екен шапаны.

11. Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,



Шыршаларға шам іліп

12. Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым біге де.

13 Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріңдер.
Ауырмандар ешқашан,
Мықты болу өзіңнен

14. Ауыл маңы қар аппақ,
Қызықтар көп не түрлі.
Ақ дәптерді парақтап,
Қыс отырған секілді.

15. Ақ таяғын таянып,
Таңмен бірге оянып
Аяз ата келіп тұр
Ақ күпіге оранып,
Ал балалар билейік,
Ойнайық та, күлейік.
Аяз ата қуансын,
Донғаланып жүрейік.

16. Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

17 Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шын.

18 Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт,
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт.
Жақсылықтың белгісі, жаңа уақыт,
Келіп, міне, жатырмыз, қауқылдасып...
Бірге соғып бар әлемнің сағаттары,
Он екінікүтер, қалмай, тағаттары,-
Ғасырдың он жетіншіжылыкелді,
Құстайұшып, қыраушалғанқанаттары!
ҚұттыболсынЖаңажыл, баршақауым,
Құтқаорансынкеңбайтақдарханелім.
Қазақтыңпейілінетартуетсін,
Табиғаташықаспан, таңшапағын!

Жүргізуші: Рахмет балалар, орындарыңа отыра қойыңдар.

Жүргізуші: Жаңа жылды тойлайық
Тойлап асыр салайық
Атамыздың сиқырлы
Қолғабын тағы да бір байқайық.

би «Құыршақтар».

3

Жүргізуші: Қандай керемет, біздің балалар кәдімгі актерлерден кем түскен жоқ. Қол соғып қошеметпен қойық. Аяз ата, қолғабыңыз бізге қажет екен, бізге қалдырып кете алмайсыз ба?

Аяз ата: Қалдырар едім, карағым, бұл қолғап мен болмасам күшім жояды.

Жүргізуші: Өкінішті. Уақыт 12-ден асып кетіпті. Ескі жылмен қоштасып, жана жылмен достасатын кез де жетіпті. Жаңа жыл неге кешікті.

Аяз ата: Жаңа жыл менің қасымда,
Қорықпа, апай аптықпа
Жатырмын ақ орапта
Шығады қазірасықпа

Тауық: Келді міне Жаңа жыл аппақ болып,
Ән болып, жұмбақ болып, тақпақ болып,
Ауламыздың тұсына қонып жатыр
Аяз болып, мұз болып, қатқақ болып
Жүздерінен қуаныш нұрын төккен
Балбұл жанған беттерін аяз өпкен
Айналайын балалар қарсы алыңдар
Жаңа жылды асыға көптен күткен.

(Осы кезде цыган жүгіріп келеді. Гадаю, гадаю деп қағаз таратып кетеді.)
қағазда Жаңа жылдық тілектер жазылған.

Ән «Қош келдің жаңа жыл»

Аяз ата: Ой, бәрекелді, балақайлар. Мен сендергеризамын. Мені сендер сияқты басқа да балалар күтуде. Жаңажылдарыңыз құтты болсын!
Келесі жылға дейін көріскенше, аман сау болыңдар! Ал енді мына сыйлықтарды қабыл алыңдар.

Балалар: Сау болыңыз Аяз ата!

Жүргізуші: Жаңа жыл бүлдіршіндер үшін ерекше мереке. Олардың кіршіксіз көңілдері бұл күні ғажайыптың боларына сенеді. Балдырғандар аналарына шуақ, әкелеріне қуат болсын! Сиқырлы мерекенің отбасыларыңызға алып келер сиқыры таусылмасын.

